

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 6 қарашадағы N 88 өкімінің күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 мамырдағы N 523 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 280 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасына мемлекеттік органдар енгізетін ұсыныстарды қарау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 6 қарашадағы N 88 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 6 қарашадағы N 88 өкіміне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 мамырдағы N 523 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 14, 144-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі